

Шал ақын ауданы Октябрь ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Октябрь ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы N 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 13-14-111 тіркелді.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный ауылдық округі әкімінің 01.04.2021 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35-бабы 2-тармағына, 37-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Октябрь ауылдық округі азаматтарының қоғамдық кеңесінің шешімін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Октябрь ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.

1) Ұзынжар ауылы бойынша:

бірінші көшеге – Еңбекші;

екінші көшеге – Абай Құнанбаев атындағы;

үшінші көшеге – Школьная;

төртінші көшеге – Жеңіс;

бесінші көшеге – Первостроительная;

алтыншы көшеге – Курганская.

2) Тельманово селосы бойынша:

бірінші көшеге – Сәкен Сейфуллин атындағы;

екінші көшеге – Евней Бөкетов атындағы.

3) Кұртай селосы бойынша:

бірінші көшеге – Молодежная;

екінші көшеге – Аққайың;

үшінші көшеге – Жеңіс.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК